

Әртүрлі жастағы қазақ ерлері мен әйелдерінің қалай киінгені туралы

Н. Шаханованың «Қазақтардың дәстүрлі мәдени әлемі (этнографиялық очерктер)» монографиясының «Киім – белгі ретінде» деген тарауында киімге байланысты идеологиялық түсініктерге, яғни «адам және киім» жүйесіне ерекше назар аударылған. Автор сәбилік кезеңге байланысты көптеген ұғымдар мен тыйымдар бар, олар жана туған нәрестенің табиғаттағы жаратушы күшпен байланыс идеясын бейнелейді деп санайды.

Бала дүниеге келісімен оны бір кесек ескі, бірақ таза матаға, жасы үлкен, дені сау, бақытты адамның таза, бірақ ескі киіміне, мысалы, баланың атасының шалбарына немесе әжесінің көйлегінің етегіне орап алып, алғаш рет емізгенге дейін біраз уақыт бақанның түбіне қойып қойған. Егер отбасында бала жиі шетіней берсе, сәбиді көпбалалы, дені сау ұрпақ өсірген әйелдің ескі көйлегіне орағанды жөн көрген. Баланы осы «құндақта» кіндігі түскенге дейін, шамамен үш күн бойы ұстаған. Кіндігі түсіп, баланы бесікке бөлеген соң, арнайы тігілген киім кигізген (жейде және телпек тәрізді бас киім; қырқынан шыққанша шалбар кигізбеген).



Түкті барқыттан өрнектеліп жасалған дамбал

Баланың бірінші көйлегі «иткөйлек» деп аталған. Оны түсті матадан тіккен; пішімі – туника тәрізді, ендіре тігілген тік жеңі және алдыңғы жағында тігінен салынған тілігі бар. Балаға алғаш рет киігізер алдында иткөйлекті иттің немесе күшіктің басына жапқан. Егер отбасында бала жиі өле берсе, баланың бірінші киімін әртүрлі жеті үйден алынған жеті құрақ матадан тіккен (жеті жерден жеті құрақ). Бұл киімнің өзіндік ерекшелігі пішімінің көнелігінде ғана емес, етегі мен жеңінің қайырылмауында. Иткөйлекті әдетте аналар өз балаларына тіккен; оны бөтен адамға, тіпті үлкен бір отбасының ішінде де басқаға бермеген. Мынадай наным бар: егер дауға барғанда қолтығыңа жеті иткөйлек тығып барсаң, жеңіп шығасың. Иткөйлекте әдетте ешқандай тұмар мен әшекейлер болмаған. Иткөйлекпен бір мезгілде ақ матадан телпек тәрізді бас киім топы (матаның тікбұрышты екі қиығын қосып тігеді) тігілген. Жоғарыда айтылғандай, иткөйлекті бір ананың балалары ғана киген.

Қазақтарда балалар киімі ересектер киімінің кішірейтілген түрі ретінде қайталанып, баланың бойы мен жасына шақ келеді. Бұл, шамасы, әркімнің өз балаларының тезірек ержеткенін көруге ұмтылуына байланысты. XIX ғасырда Қазақстанда болған поляк революционері А. Янушкевич былай деп жазады: «Қырғыздар өз балаларының жасын ұлғайтып айтуға дағдыланған, сондай жасқа дейін өсіріп жеткізгеніне қуанатын болса керек». Жаңа туған сәбиге мақта матаның (бомази, шыт, бөз) тұтас кесегінен тігілетін, сәл ұзынырақ, иығында тігісі және жиектемесі жоқ иткөйлек кигізген.

Бозбалаларды (14-16 жастағы) «жігіт», 13-15 жастағы қыздарды – «бойжеткен қыз» деп атаған. Үйленбеген жас жігіттерді «бойдақ жігіт» деп атаған. Белгілі бір мағынада алғашқы жыныстық әлеуметтену туралы айтуға болады. Киімде (костюмде) жастардың үйлену алдындағы жас санатына жататынын эксплициттік түрде аңғартатын элементтер байқалады. Қыздарда бұл сияқты белгіге ең алдымен әшекейлер жатады, олардың семантикасы «махаббат магиясы» және әйелдер фертильдігі идеялармен байланысты екені білінеді.



Кебіс. Мәсінің сыртынан киіледі. Мархаба Бекенованың тіккені. 1915 ж. Ақтөбе облысы. Етіктер. Жоғарыда –ерлердің саптама етігі. Төменде әйелдердің етігі.

А.Галимбаеваның иллюстрациясы.

Зерттеушілердің жазуынша, «қыздар 15-16 жаста мерекелерге күміс әшекейлердің толық кешенін тағынған: бұрымға тағатын әшекейлер, сырғалар, кеудеге тағатын әшекейлер, білезіктер мен сақиналар». Бұрымға арналған әшекейлер қыз киімінің бөлшектеріне жатады; жас әйелдер күйеуге шыққаннан кейінгі алғашқы кезеңде оларды бас киімнің астынан тағып жүріп, кейін алып тастаған. Кейбіреулері бұрымға тағатын әшекейлерін кіші сінділеріне берген, күйеуінің отбасынан тұрмысқа шыққан қыздардың тойында сыйға тартқан немесе өсіп келе жатқан қыздарына арнап сақтаған.

Келесі жас дәрежесі (бастапқы неке кезеңі) 25-30 жастағы әйелі бар ерлер мен күйеуі бар әйелдерді (келіншек) біріктіреді. Әлеуметтік жағдайдың өзгеруі (күйеуі бар әйел) шаш қойысының, бас киімінің, әшекейлерінің өзгеруінен байқалады. Қыздар басқа киетін бөркінің (кәмшат терісімен әдіптелген, төбесіне үкінің қауырсыны қадалған бас киім) орнына сәукеле деп аталатын биік бас киім киеді, ол қиық конус пішіндес, күміспен, інжумен, қабыршақтармен, т.с.с. молынан безендіріледі. Сәукелені алғаш рет киер алдында мынадай ғұрып орындалады: қалыңдықтың бас киімін әлдебір әйел киіп алып, күйеу жігіттен сыйлық алуға келеді, осы бас киімді қалыңдыққа бергені үшін сыйлыққа көйлек немесе бешпент алады. Той кәдесінің бұл түрі «сәукеленің байғазысы» деп аталады. Жас келін сәукелені үйлену тойында ғана емес, тұңғыш баласы туғанға дейін (қонақ күткенде, көшіп-қонғанда, т.с.с.) киеді.

Күйеуге шыққан жас әйелдің күнделікті бас киімі – желек. Бұл бас киімдер (сәукеле және желек) күйеуі бар жас әйелдің киіміндегі атрибуттар, әйел өміріндегі қыз дәуреннен ана болуға бет бұрған өтпелі кезеңді білдіреді.

Аяғы ауырлаған алғашқы айларда, жас әйелдің қалыңдық киімін киіп жүруі жарасымсыз саналған кезеңде, бірінші кимешекті кигізуге байланысты шағын ғұрыптық ас әзірленген. Кимешек –күйеуі бар әйелдің бас киімі, оның бөлшектері адамның жасына байланысты бірте-бірте өзгеріпотырған. Әдетте ол екі бөліктен құралған: төменгі –кимешектің өзі және жоғарғы жағы – кимешектің үстінен оралған сәлде тәрізді. Екі бөлігі де ақ матадан тігілген. Қазақ киімін зерттеушілердің жазуынша, үйлену тойындағы бас киімнен кейін жас әйелге алғаш рет кигізілетін кимешек бәрінен де сәнді болған. Бетіндегі ойығы кестеленген, зерленген, күміспен, маржанмен, шытыра моншақпен, т.с.с. әшекейленген. Бірінші кимешекті кигенде әйелдерді қонаққа шақырған. Оны қайын енесі ұйымдастырып, күйеудің ауылындағы жасы үлкен әйелдер шақырылған. Олардың біреуі жас әйелге кимешек кигізіп, сол үшін оның қайын енесінен сыйлық алған.

Дәстүрлі талап бойынша жас келін алғашқы кезде жаңа жағдайынан өзінің қандас туыстары (төркіні) алдында қысылуы тиіс. Үйленгеннен кейін ата-анасының ауылына алғаш рет төркіндеп барғанда ол күйеуі бар әйелдің көйлегін кимейді (ыңғайсызданады). Біздің Орталық Қазақстаннан жиған даналық материалдарымызға сүйенсек, жас келін ата-анасына бірінші рет төркіндеп барғанда төмендегідей әзіл-қалжың ғұрпы жасалған. Жас әйел өз туыстары алдында кимешекпен көрінуге ұялған. Жас жігіттер, әйелдің құрбы-құрдастары кимешекті күштеп кигізіп, қолын артына қайырып, төркіндеріне алып барған. Сол үшін байғазы сұраған (бұл жағдайда жас келінді жаңа бас киіммен көрсеткені үшін). Бұл ғұрып жас келіннің құрбы-құрдастары, жас жігіттер арасындағы күлкілі күрес сипатында болған.

Бұл жас кезеңінде киімнің дүниеге ұрпақ әкелу кезеңімен, бала туу қабілетінің, өсімталдықтың символикасымен байланысы ерекше байқалады. Қыздар мен жас әйелдердің киімінде қызыл түс басым болған. Бұл қазақтың «Қыздар көзі қызылда» деген мақалында да бар.

Қазақтың әйелдер киімінде қорғаныш міндетін күмістен және бағалы тастардан (ақық, маржан, т.б.) жасалған әшекейлер атқарады. Босынбаған немесе бедеу әйелдің киімін киюге, алмастыруға қатаң тыйым салынған; мұндай әйелдерді жас жұбайладың төсегіне, балалардың киіміне, т.с.с. жолатпауға тырысқан. Керісінше, баласы жоқ әйелдер көпбалалы әйелдің қандайда бір киімін сұрап алған («киім алу»), осылайша бала туу қабілетіне ие болудан үміттенген.

Келесі жас деңгейі шамамен 30 жастан 45-50 жасқа дейінгі әйелі бар ерлер мен күйеуі бар әйелдерді қамтиды. Бұл жас аралығында фертильділіктің бірте-бірте төмендеуі байқалады. Отыздан асқан қазақ әйелінің киімінде, екі-үш баланы дүниеге әкелгеннен кейін қызыл түстің орнын неғұрлым солғын түстер басады.

Қазақстанның кейбір аудандарында, әсіресе оңтүстік аудандарда алғаш рет «белшалғыш» киюді де шағын мереке ретінде атап өткен, ол тек қана күйеуі бар әйелдер киетін, алдыңғы жағы тігілмеген белдемше.

Оны үш немесе төрт бала тапқан әйел бірінші рет киеді. Егер әйел белшалғышты алғаш рет киюіне байланысты өзі қонақ шақырмаса, шақыру міндетті деп, абысындары талап еткен. Мерекеге күйеуінің жақын туыстарын, көршілерін, сондай-ақ белшалғыш киген әйелдің туыстарын (жақын маңайда тұрса) шақырған. Шақырылғандар үй иесі әйелге ұсақ сыйлықтармен қатар күміс әшекейлерді, орамалдарды, көйлектік маталарды

т.с.с, әртүрлі азық-түлік – құрт, шелпек, т.б. ала келген. Әйелдер сыйлықтары мен сәлемдемелерін беріп тұрып: «Ғұмыр жасың ұзақ болсын, жаның жайбарақат болсын, игілігіңе ки. Бақытты бол!» деп тілек тілеген. Содан кейін қонақтарға ет, шай берілген. Қазақ костюмін зерттеушілердің жазуынша, белшалғыш белгілі бір жасқа жеткен әйелдердің атрибутына жатады. Тағы бір ерекшелігі, кимешекті алғаш рет кигенде әрдайым қайын енесі кісі шақырса, белшалғыш киген кезде толық құқығы бар әйелге айналған келіннің өзі кісі шақырған.


Келесі жас деңгейі 50-55-тен асқан ерлер (ақсақал) мен әйелдері (бәйбіше) қамтиды.



Белбеу. Оңтүстік Қазақстан. Түркістан. ХІХ ғ. И.Тасмағамбетовтың «Изделия мастеров-зергеров Центральной Азии» кітабынан алынған иллюстрация. Алматы. 1997.

Әйелдердің әдет-жорасында фертикальділіктің (бала туу қабілетінің) аяқталуы байқалады. Сәндік заттар кешені барынша қысқарады: кимешектің бетінің ойығындағы өрнектер алынады, күміс әшекейлерді таратып береді. Білезікті әдетте үлкен қызына береді. Костюмнің бояуы өзгереді, бас киімде ақ түс, костюмде байыпты бірыңғай түстер басым болады.

Қазақтардағы әйел киімінің жалпы сипаттамасы осындай. Ерлер киімінде жас ерекшелігі аса көп байқалмайды.



Шапан. Алматы облысы. Киім мыналардан құралған: қара барқытпен әдіптелген киіз қалпақ. Шапан қызыл матадан тамбурлап тігілген. Күміс пластиналармен безендірілген кемер белбеу. Етік.

А.Галимбаеваның иллюстрациясы.



Ішік-тон, жігіттің шапаны. Қысқы костюмнің құрамы: бөрік –терімен сәнделеді. Белбеу –мата белбеу. Тері тон. Жарғақ шарбар. Саптама етік – былғары етік, киіз байпақтың сыртынан киіледі.

А.Галимбаеваның иллюстрациясы.

Мақала п.ғ.д., профессор А.Қалыбекованың «Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы» кітабынан алынды, Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сараптамалық кеңесінің ұсынысымен жарияланды, 2011 жыл